

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА
ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «СЕРӘЛІ ЛАПИН
АТЫНДАҒЫ №261 ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА №261»
ИМЕНИ СЕРАЛИ ЛАПИНА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ
КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ 108

ПРИКАЗ 108

« 28 » сәуір 2022 ж./г.

№ 28.04.2022

Қызылорда қаласы

город Кызылорда

**2021-2022 жылын аяқтау және орта білім
беру ұйымында білім алушыларды
қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының
14) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық
бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымында 2021-2022 оқу жылын
ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында және Қызылорда қалалық білім бөлімінің
2022 жылғы 28 сәуірдегі №46 н/қ бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:
 - 1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымында оқу сабақтарының аяқталуы – 2022 жылғы 25 мамыр;
 - 2) 9 сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары - 2022 жылғы 28 мамыр - 6 маусым аралығы;
 - 3) 11 сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары - 2022 жылғы 27 мамыр - 10 маусым аралығы.
2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
 - 1) 9 сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:
 - 1) Қазақ тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2022 жылғы 28 мамыр;
 - 2) Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - 2022 жылғы 31 мамыр;
 - 3) Орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) - 2022 жылғы 3 маусым;
 - 4) Таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет, Шет тілі (ағылшын), Информатика) бойынша жазбаша емтихан - 2022 жылғы 6 маусым;
 - 11 сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан - 2022 жылғы 27 мамыр;

2) қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан - 2022 жылғы 30 мамыр;

3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан - 2022 жылғы 2 маусым;

4) орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан - 2022 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Дүниежүзі тарихы, Құқық негіздері, Әдебиет, Шет тілі (ағылшын), Информатика) бойынша жазбаша емтихан - 2022 жылғы 10 маусым.

3. Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып, білім беру ұйымы айқындаған мерзімде өткізіледі.

4. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде №5191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес 2021-2022 оқу жылын аяқтау қамтамасыз етілсін.

5. Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 1-8,

10-сыныптарда білім алушылар үшін 2022 жылғы 26 мамырдан бастап 17 маусым аралығында Жазғы мектепте оқыту ұйымдастырылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары М.Искаков пен Б.Оразбаевқа жүктелсін.



Мектеп директоры

Қ.Абдрахманова